

Хаттама № 3

«Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп» КММ

«12» қараша 2024 жыл

2024 жыл 12 қараша күні Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектебінде тамақтандырудың сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының отырысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 7

Қатысқаны: 6

Күн тәртібінде:

2024 жылдың қараша айындағы мектептегі тамақтандыру сапасына бақылау жүргізу сараптамалық тобының мектеп асханасының жұмысына жүргізген бақылауының қорытындысы туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссия төрайымы Т. Калиева мектеп асханасындағы тамақтандырудың сапасы, асхана бөлмесі мен тазалығы, тамақтың дәмі мен берілісі қадағаланып тексерілгендігі жөнінде хабарлама жасады.

Жарыссөз:

А.Амантайқызы (комиссия мүшесі,әлеуметтік педагог)


Тамақтандыру сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша комиссия төрайымының хабарламасын тыңдап отырмыз.Тамақтың дәмін,дайындалу сапасын қарап отырмыз.Мектеп асханасының ішкі тазалығы,ыдыс-аяқтардың тазалығы, азық- түліктің тұтыну мерзімін қадағалап тексердік.Бекітілген екі апталық мәзір бойынша тамақ беріліп отыр.Тәуліктік сынама алу мен сақталуы қамтамасыз етілген.Тамақ өнімдерінің сапасын куәландыратын құжаттары түгел.

Г.Өтепова (комиссия мүшесі,ата- ана)


Мектеп асханасына ыстық тамақтың берілісін бақылау бойынша жұмыстары жүргізілді.Ас мәзірі қаралды,талапқа сай.Балалар уақытынла кестеге сай тамаққа келіп отырғанын көрдік.Тамақ нормаға сай берілуде.Қоймадағы,тоназытқыштағы тағамдардың орналастырылуы да қаралды. Тамақтардың сертификаттары тексерілді.


Тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының ШЕШІМІ:


- 1.Тамақтың сапасына, сақталу мерзіміне, асхананың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуына қадағалау жүргізу мектеп медбибисі С.Рахметоллақызына міндеттелінсін.
2. Қараша айындағы тамақтандыруға жүргізген бақылау кезіндегі байқалған кемшіліктердің орындалысын бақылау әлеуметтік педагог А.Амантайқызына міндеттелінсін.


Т.Калиева  Комиссия төрайымы,мектеп директоры


Комиссия мүшелері:

М.Үмбетбаева  Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

С.Рахметоллақызы  Мектеп медбибисі

Г.Өтепова  Ата-ана

А.Қабдолова  Ата-ана

А.Амантайқызы  Әлеуметтік педагог